

## Тарихи анықтама

Еңбекшілер депутаттары Ұялы ауылдық Кеңесінің «Жемісті» колхозының сақтауға тапсырған құжаттары 1939 жылдан басталады.

Олар колхоздың кіріс-шығыс сметасы, жылдық есептер, колхоз басқарма отырыстарының хаттамалары, колхозшылардың жалпы жиналысының хаттамалары, колхоздың өндірістік жылдық жоспары, колхоздың негізгі қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулар, колхоздың мал, мүлігін түгендеу кітабы, мемлекеттік тапсырулар мен колхоз саудасы есебінің кітабы, заттай кірістер және олардың бөліну есебінің кітабы, ақшалай және заттай жұмсалған шығындар есебінің кітабы, колхоздың социалистік жарысының міндеттемелері, колхозшылардың еңбек күн есебінің кітабы, колхозшылардың жеке есеп шоттары, колхоз мүшелерімен есеп айырысу кітабы.

«Жемісті» колхозын 1939-1944 жылдар Мурсалиев басқарған.

1939-1941 жылғы құжаттар латын тілінде толтырылған.

1944 жылғы колхоздың жылдық есебі бойынша: колхозда 52 үй болған, оларда 163 адам тұрған.

Олардың 10-сауыншы, 5-малшы-бақташы, 2-бұзаушы, 8-қойшы, 2-жылқышы, 1-құс бағушы болған.

Колхоз осы жылдары 530 га жерге қара бидай, жаздық бидай, арпа, тары еккен. Колхозда 439 бас ірі қара, оның 152 сиыр, 1002 бас қой, оның 489 саулық, 44 бас құс, 88 бас жылқы, 13 түйе есепте болған.

Колхозда есепте 8 атқа жегілетін соқа, 31-зиг-заг тырмалар, 5 шөп шабатын машиналар, 3 атқа жегілетін тырнауыш, 5-қол шалғы, 3 лобогрейка, 2-жай молотилка, 7-су сепкіш, 4-сепаратор, 2 повозка ағаш табандылар, 4 аттық повозкалар, темір табандылар, 1 ондық таразы болған.

1945-1949 жылдары колхозды Танабаев Ихсан басқарған.

Колхоз 1947 жылы 26 ц. астық, 25 ц горчица, 247 ц табиғи шөп, 410 ц сүт, 19 ц жүн, 559 дана жұмыртқа даярлаған.

1947 жылы колхоздың 24051 га жері болған.

Оның 1312 га егіске жарамды жер, пішендігі 2968 га, мал жайылымы 17094 га. Осы жылдары колхозда бір ат қора, 28 сиыр қора, 3 бұзау қора, 2 түйе қора, 11 қой қорасы, 2 астық сақталатын қамба болған.

1949 жылы колхозда үй саны 56 болған, онда 189 адам тұрған.

Колхозда 100 орындық клуб, 70 балалық мектеп жұмыс жасаған. Мал басы 1949 жылы ірі қара 894, аналығы 275, 2817 бас қой, саулығы 1518 бас, 282 бас ешкі, 186 бас жылқы, 20 бас түйеге жеткен.

Колхоздың негізгі міндеті:

- Ауыл шаруашылық артелінің жарғысын колхозшылардың жалпы жиналысында беркіту
- Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, талдау жасау

